

ЖЕТІСТІК КІЛТІ – ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт», – деп көрсетті. Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласында айтылған білім мен ғылым саласындағы міндеттерді айқындау мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан жоғарғы мектебінің Ұлттық ғылым академиясының (ҚЖМҰҒА) 25 жылдығына орай белгілі ғалымдар, ірі қоғам қайраткерлері мен ЖОО басшылары бас қосты. Жиында ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жоғары білімді дамытудағы қоғамдық сананы жаңғырту жайы талқыланды.

ГАРАНТИЯ КАЧЕСТВА

В рамках семинара, организованного Обсерваторией Великой Хартии, Департаментом высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки Казахстана, Казахским национальным университетом им. аль-Фараби была проведена специальная сессия «Проблемы системы обеспечения качества и взаимного признания квалификаций в Центральной Азии».

Важнейшей составляющей системы гарантии качества является общественно-профессиональная аккредитация. Темпы введения в практику высшей школы общественно-профессиональной аккредитации в странах Центральной Азии различны. Так в Казахстане проведены реформы по интернационализации и совершенствованию системы обеспечения качества. На основе мирового опыта государственная аттестация в Казахстане заменена общественно-профессиональной аккредитацией, обобщен опыт Европейского союза в области аккредитации и выработан механизм его трансформации.

Продолжение на 2-стр.

Қарыз бен Парыз

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көрнекті қоғам қайраткері, сыншы, публицист Сағатхан Әшімбаевтың 70 жылдығына арналған «Ұлттық интеллигенция: Қарыз бен Парыз» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ауқымды шара ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде С.Әшімбаев мұрасын қазіргі заман тұрғысынан терең тану арқылы жаңа дәуір ұлт зиялысы қалыптасуының болмысын бағамдауға, ұлттық интеллигенцияның ұлт алдындағы қарызы мен парызының мәні мен маңызын ашуға және С.Әшімбаевтың қайраткерлік, шығармашылық қызметінің қазақ қоғамының әдеби-мәдени даму үдерісіндегі тарихи орнын айқындауға бағытталды.

Президиумда алғашқы болып сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов: «Сағат Әшімбаев Ұлттық телеарнаға басшы болып келген жылдары телекөрсетілімдердің арасына сыналап ұлттық кадыр-қасиеттерді насихаттайтын бейне түсірілімдерді қосты. Көптің көкейінде жүрсе де ашық айтылмайтын мәселелерді жария түрде қоғамға ой салды», – деп оның әділдікті ту еткен қайсар қасиеті мен шыншылдығын, адамдығы мен адалдығын айрықша атап өтті. «Зиялы адамда болуға тиіс адалдық пен әділдік Сағаттың бойына ата-ананың қасиетінен, қазақ фольклоры мен әдебиетінің асыл жауһарлары арқылы дарығаны анық», – деді ол өз сөзінде.

«Қарыз» және «Парыз» деген екі ұғымды ұрпақ санасында қайта жаңғыртқан Сағат Әшімбаев бір-бірімен сабақтас әлеуметтік-психологиялық екі үлкен категорияны саяси-философиялық биікке көтеріп, жаңа мазмұнда ұсынды. Әріптесі Ғадылбек Шалахметовтің сөзімен айтсақ, «Сағат студия қонақтарын ұлттың алдында тұрған ең күрделі мәселелер, өзекті тақырыптар туралы ашық әңгімеге шақырды».

Жалғасы 4-бетте

Баспасөз қызметі

Шараны ашқан ҚЖМҰҒА президенті, академик Ғалым Мұтанұлы: «Ең алдымен, қоғамдық сананы жаңғырту үшін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру қажет. Яғни Қазақстанның кем дегенде екі жоғары оқу орнының әлемдік үздік университеттер рейтингіне енуі, бітіруші кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және білім беру секторының экспорттық қабілетін арттыру», – деп бастады баяндамасын. Ол: «Әрбір қазақстандық, XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, ком-пьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың сана-тында», – деп Елбасы мақаласына бағдар жасап, – «Мемлекеттік үштілділік саясаты, мәдени және конфессиялық келісім бағдарламасы, латын қарпіне көшу – заманауи талаптарға сәйкес біздің тәуелсіз мемлекет ретінде жан-жақты ойластырылған, еркін таңдауымыз», – деп атап өтті. Өз сөзінде Ғ.Мұтанов Ұлттық академия ғылыми қоғамдастықтың алдына Президент қойған негізгі міндеттерді басты назарға алу керектігін жеткізді. Осы тұрғыда зиялы қауым ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға өз үлестерін тигізуі тиіс. Олар «Туған жер», «Туған ел» бағдарламаларын, «Қазақстанның рухани әулиелері», «Өркениетті әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет» жобаларын жүзеге асыру арқылы іске асады деп ой түйді Ғалым Мұтанұлы.

бірауыздан қолдап, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруда бар күш-жігерді салатындықтарын жеткізді.

Академик Мұрат Жұрынов академия президенті ретінде Ғалым Мұтановтың ҚЖМҰҒА-ға жаңа тыныс, өзгеше леп бергендігін айрықша атап өтті. М.Жұрыновтың айтуынша, Ғ.Мұтанұлы баяндамасында айтылған барлық стратегиялық міндеттер қоғамның санасын жаңғырту бойынша Мемлекет басшысының бастамасын қолдауға бағытталып отыр. «Елбасы мақаласындағы міндеттерді жүйелі жүзеге асыру үшін ғалымдар, мемлекет пен бизнес күші және жалпы қоғам болып бірігу қажет. Ғылым, мемлекет және бизнестің өзара әрекеттесуі инновациялық өсу мен тоқтаусыз жаңаруға алып келеді», – деп пікір білдірді академик.

ҚЖМҰҒА қазақстандық білім беру бағдарламаларының экспорттық потенциалы мен бәсекеге қабілеттілікті арттыруға арналған бірнеше ірі жобаларды жүзеге асырды. Күні бүгінге дейін Ұлттық ғылым академиясы заманауи білім беру сипатында «Ашық білім берудің ұлттық платформасы», «Универ» бағдарламасы, «Қазақстан – 2050» Инновация мен академиялық басымдылық ұлттық рейтингі» сияқты ауқымды жобаларды іске асырып келеді. Өз ретінде жоғары мектептің дамуына орасан үлес қосқан Қазақстанның көптеген ірі ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің елеулі еңбегін ескермей кету мүмкін емес. Осы орайда М.Жұрынов, Д.Сүлеев, Н.Мамыров, К.Нәрібаев, Т.Есполов бастаған өзге де академик, ғалымдар «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» медалімен марапатталып, мерейлері үстем болды.

БҮГІНГІ САНДА:

САМАЯ ПУБЛИКУЕМАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ



2-стр.

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

3-бет



АДАМЗАТ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

5-бет



САМАЯ ПУБЛИКУЕМАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ

6 октября 2017 года состоялась ежегодная Церемония Награждения Springer Nature Awards, на которой Казахский национальный университет имени аль-Фараби был удостоен высокого звания «Самая публикуемая организация» стран Центральной Азии.



1. В номинации «Биологические науки и биомедицина» – декан факультета биологии и биотехнологии Заядан Болатхан Казыханулы.
2. В номинации Physical Sciences (Естественные науки) – профессор кафедры физхимии, катализа и нефтехимии Каирбеков Жаксынтай.
3. В номинации «Technology (Технологии)» – директор Институт проблем горения Мансуров Зулхаир Аймухаметович.

Springer Nature является крупнейшим в мире международным научным издательством, существующим с 1842 г. В 2015 году немецкая издательская группа Springer заключила сделку по включению в состав издательства Macmillan, после чего группа была переименована в Springer Nature. В настоящее время данная группа издает более 3 150 журналов, наиболее известным из которых является журнал Nature.

Соб.кorr.

В КазНУ им. аль-Фараби 14 октября пройдет международная научно-теоретическая конференция «Актуальные проблемы развития правовой системы Республики Казахстан на современном этапе», посвященная 90-летию юбилею казахстанского ученого-юриста, заслуженного деятеля науки РК, академика Национальной Академии наук, академика Академии высшей школы, доктора юридических наук, профессора Султана Сартаева.

На конференции будут обсуждаться такие вопросы, как исследование актуальных проблем развития правовой системы и государственного строительства в Республике Казахстан, раскрытие проблем и основных путей совершенствования правовой ситемы, определение значения научных трудов академика Султана Сартаева для развития юридической науки и правовой практики.

В работе конференции примут участие представители государственных органов, ведущие ученые-юристы Казахстана и зарубежных стран, сотрудники научно-исследовательских институтов и общественных организаций.

Эл-Фараби кітапханасында 13-14 қазан күндері Қазақстан ПҒА академигі, профессор Шәрқұл Таубаеваның 70 жылдық мерейтойына орай «Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жаңғыруы жағдайында ғылыми-зерттеушілік және білім беру әрекеті әдіснамасының дамуы» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтеді.

Конференция жұмысында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздері мен жастардың рухани-адамгершілік жаңғыруы аясындағы тәрбие философиясы; ҚР жоғары мектебіндегі ғылыми-зерттеушілік тарихы мен теориясы; университеттік білім беру жүйесінде болашақ зерттеушілерді әдіснамалық даярлау мазмұнының дамуы және оның Ш.Таубаеваның ғылыми мектебінде көрініс табуы сынды мәселелер қарастырылады.

Шараға әлеуметтік педагогика әдіснамасы саласының жетекші ғалымы Л.Мардахаев, білім сапасынан халықаралық сарапшы Н.Найденова, Қазақстанның әр аймағынан отандық ғалымдармен қатар ЮНЕСКО сарапшыларының қатысуы жоспарлануда.

ПРЕСС-СЛУЖБА

РЕКТОРАТ

Күн тәртібінде: БІЛІМ САПАСЫ

Университет өміріндегі өзекті мәселелерді күн тәртібіне шығаратын Ғылыми кеңес мүшелерінің кезекті жиыны білім сапасын бақылау қызметін талқылаудан басталды.

Жиынды ашқан университет ректоры Ғалым Мұтанов бүгінгі ғылым мен технология қарыштап дамыған ғаламда білім сапасын жетілдіру әрқайсымызға жүктелген міндет деп атап айтты.

Мінбеге шыққан білім беру бағдарламаларының сапасын бақылау қызметінің жетекшісі Айгүл Байнөсерова 2017 жылғы оқу жетістіктерін сырттай бақылау дайындығы туралы хабарлама жасады. Ол ОЖСБ-ның форматы, студенттер арасында кешенді тестілеуді өткізудің тәртібі және әр мамандық бойынша тест тапсырмаларымен қатар, толық тест құрылымымен таныстырды. Сондай-ақ ол тестілеу нәтижелері бойынша әр факультет контингентіне жекелей тоқталып өтті.

Келесі кезекте сөз алған әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева студенттердің жатақханаларда заңды түрде тұруын тексерудің нәтижесі жайлы хабарлап, қауіпсіздік және жедел әрекет ету орталығын қайта жасақтау жайын қарастырды. «Биылғы жылдан бастап студенттер электронды өтінім жазу арқылы жатақхана алды. Бұл жүйе интернетке шығу мүмкіндігіне ие кез-келген адам, мейлі қай қалада болса да, сайтты ашып, өтініш толтыру арқылы онлайн түрде жүзеге асырылады және өтініш иесімен кері байланыс орнатылған. Сайтта жатақхана тұрғындары жайлы барлық мәлімет қоры сақталады және олардың тәртібі бақылауда болады. Бұл сіздің уақытыңызды үнемдеу мен жедел әрекет етуге қолайлы әрі жатақханада зансыз тұруға мүмкіндік бермейді», – деді проректор.

Сондай-ақ жиын барысында Стратегиялық даму орталығы процестік менеджмент секторының жетекшісі Гүлшарат Минажеваның кафедралар мен факультеттердің шаруашылық есептегі орталықтары қызметінің мониторингісі туралы баяндамасы тыңдалып, Springer Nature баспасының ғылыми журналдарындағы жарияланым белсенділігінің ең жоғары көрсеткіштері үшін ҚазҰУ ғалымдары арнайы марапатталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Продолжение. Начало на 1 стр.

ГАРАНТИЯ КАЧЕСТВА



Опыт работы общественно-профессиональной организации KazSEE был поддержан Министерством образования и науки Республики Казахстан.

Республиканский аккредитационный совет принял решение о включении KazSEE в Национальный реестр №1 признанных аккредитационных органов в качестве агентства по аккредитации образовательных программ, что будет способствовать дальнейшему углублению реформ, внедрению и расширению принципов Болонского процесса.

Полноправное членство KazSEE в таких международных организациях как, Европейская сеть по аккредитации в области инженерного образования (ENAEЕ), Федерации Европейских национальных инженерных обществ (FEANI), объединившей Европейские национальные инженерные сообщества и создавшей систему сертификации инженерных кадров, IGIP – Международного общества инженерной педагогики, признанной международной системой сертификации педагогов позволит Казахстану иметь интегрированную в Европейское

пространство высшего образования систему общественно-профессионального признания.

Страны Центрально-Азиатского региона участники проекта TEMPUS QUEECA по повышению качества инженерного образования в Центральной Азии выполнили необходимую работу по разработке стандартов по аккредитации, сертификации экспертов и по аккредитации образовательных программ. В 2015 году было подписано Худжанское Соглашение о создании Центрально-Азиатской Федерации, определены принципы взаимоотношений стран участников, основные направления работы.

В рамках Худжанского Соглашение 3 октября была создана Центрально-Азиатская Федерация по обеспечению качества и системы взаимного признания и был выбран Президент и постоянный секретариат.

Данное мероприятие позволит интегрировать в Европейское пространство высшего образования весь регион Центральной Азии и создаст систему взаимного признания квалификации и качества образовательных программ.

Латын әліпбиіне көшу – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңару» бағдарламалық мақаласындағы негізгі тапсырмалардың бірі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау. Бұл өте маңызды мәселе, себебі халық бірлігін сақтау, ұлттық ауызбірлікті нығайту, әрбір адамның және тұтас алғанда елдің бәсекеге қабілеттілігін шыңдауға негіз болады.



жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс» екеніне Елбасы ерекше тоқталды.

Егер тарихқа көз жүгіртсек, латын әліпбиі – қазақ халқына таныс жазу. 1929-1940 жылдары Қазақстанда латын әліпбиі қолданылған болатын. Латын әрпіне көшу барлық жаңа технологияларды тиімді игеруге, түркітілді елдермен достықты нығайтуға, ұлттық кодты сақтауға және қазақ тілінің ықпал аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев дәл атап көрсеткендей, бұл қисынсыз тілек емес, бұл – уақыт талабы. Бұл жаңғыруға түрткі болатын және Қазақстанның халықаралық танымалдығын одан әрі арттыруға қозғау салатын маңызды қадам болып табылады. Сондықтан Елбасы бастамасына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары барынша қолдау көрсетеді.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы
кафедрасының оқытушысы

Нұрсұлтан Назарбаев қазақ әліпбиінен латын әрпіне көшудің нақты мезгілін 2025 жылға дейін деп көрсетті. «Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Латыншаға көшудің тереңлогикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның,

сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018

Реформа Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Елбасы қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу қажеттілігі туралы алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 12-сессиясында айтқан болатын. Бұл бағыттағы кезең-кезеңді үдеріс сол уақыттан жүргізіліп келеді, бұл істе асығыстыққа және ойластырылмаған шешімдерге жол беруге болмайды. 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясында

КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС

Тарих, археология және этнология факультетінің ұйытқы болуымен студент-жастарға арнап танымал археолог-ғалым Зейнолла Самашев көшбасшылық дәріс оқыды. Шараға факультеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен докторанттар, магистранттар және 1-курс студенттері қатысты.

Зейнолла Самашұлы Самашев – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ол – көптеген ғылыми археологиялық экспедициялардың жетекшісі, Қазақстанның көне тарихы бойынша ғылыми эксперт, «Қазақ тарихы» журналының редколлегия мүшесі, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының бақылаушысы, Қазақстанның петроглифтері бойынша белгілі маман. Орталық Азияның археологиясы, тарихы және мәдениетінің өзекті мәселелеріне арналған 200-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген.

Берел қорғандарының зерттелуіне қосқан үлесі үшін және археологиялық қазба барысында табылған ағаш қалдықтарын сақтаудың жаңа әдісін ашқаны үшін 2001 жылы жоғарғы дәрежелі «Тарлан» сыйлығының иегері атанды. Археологиялық зерттеулерінің нәтижесінде Үкімет шешімімен «Берел мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» ашылды. Бұдан басқа ортағасырлық Сарайшық, Алматы маңындағы Боралдай қорымы қорғандарының зерттелуіне де өз үлесін қосып келеді.

Дәріс барысында Зейнолла Самашұлы Берел қорымындағы археологиялық зерттеулердің нәтижелерімен таныстырып, археологиялық мәселелерге байланысты өз ойларымен бөлісті. Биылғы жылы 11 қарашада 70 жастың биігіне шыққалы отырған ғалымды факультет деканы келе жатқан мерейтойымен құттықтап, тағылымды дәрісі үшін алғыс білдірді.

С.А.САПАТАЕВ,
археология, этнология және музеология
кафедрасының аға оқытушысы

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ СЕМИНАР



Жуырда Әл-Фараби атындағы кітапханада ЭКСПО-2017 көрмесі шеңберінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ғылым және технологиялардың тұрақты дамуы бойынша Оңтүстіктегі Комиссиясы (COMSATS), Білім, ғылым және мәдениет сұрақтары бойынша Ислам қауымдастығының (ISESCO) бірлесіп ұйымдастыруымен «Кіші бизнес кәсіпорындарында, зерттеу институттары мен университеттерде пайдаланылатын ғылыми-инженерлік қондырғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету» атты республикалық семинар өткізілді.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің жабылуы аясында Ислам ынтымақтастық ұйымының саммиті «Ислам әлеміндегі ғылым, технология, инновация және жаңғырту» тақырыбында өткені белгілі. Оның негізінде ғылыми, инновациялық және инфрақұрылымдық потенциалдарға сәйкес ислам мемлекеттерінде ғылым мен технологияны дамытуды жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Алға қойылған міндеттерді орындау мақсатында қолға алынған аталмыш семинар ғылыми және ғылыми-техникалық құралдармен жұмыс істеу үшін ғылыми-техникалық персоналдың әлеуетін дамытуға бағытталған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

семинардың өткізу орны ретінде таңдалынды. Оқу орны әлемнің 46 елінің 400-ге жуық жетекші университеттерімен және ғылыми орталықтарымен әріптестік орнатқан. ТМД жоғары оқу орындары арасында «COMSATS» беделді халықаралық үкіметаралық ұйымына мүше болған жалғыз университет.

COMSATS халықаралық сарапшыларының қатысуымен өткен республикалық семинарға жоғары оқу орындарынан және ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарынан инженерлік-техникалық жабдықтаушы мамандар қатысты.

Техникалық тренингтер барысында семинарға қатысушылардың аккредиттелген зертханалар мен ұжымдық қолданыстағы зертханаларында ғылыми-зерттеу және білім

беру мақсаттарына арналған жабдықтарды жөндеу және пайдалану бойынша білім берілді.

Сондай-ақ COMSATS басшылығы мен ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановтың кездесуі барысында бірлескен халықаралық ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асырудың жаңа бағыттарын дамыту туралы, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, нанотехнологиялар және жаңа материалдар, жаңартылатын энергия көздері, климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау, биотехнология, студенттердің академиялық ұтқырлығы және т.б. салаларда пәнаралық зерттеулерді дамыту туралы келісімге қол жеткізілді.

А.Б. АХМЕТОВА

Деректану ғылымының негізін салушы

ҚазҰУ-да белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қамбар Атабаевтың 70 жылдық мерейтойына орай «Деректану және архивтану: зерттеулердің жаңа парадигмалары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.



Тарих археология және этнология факультеті, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мұрағаттық іс және құжаттама департаментімен бірлесе ұйымдастырған айтулы шараға белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, республикалық, қалалық архив басшылары, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Шараның ашылуында сөз алған тарих археология және этнология факультетінің деканы Мендігүл Ноғайбаева: «Қамбар Атабаев – деректану ғылымының теориялық-методологиялық негіздерін жетік меңгеріп, бұл ғылымның Қазақстанда дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірден-бір ғалым. Оның басшылығымен 1998 жылдан бастап ҚазҰУ-дың тарих факультетінде деректану және тарихнама кафедрасы ашылды, – дей келе, ғалымның қазақ ғылымына және университет дамуына қосқан сүбелі үлесіне тоқталды.

Кафедрада деректану және тарихнама бойынша білікті мамандарды топтастырып, ғылыми зерттеулермен қатар оқу-әдістемелік жұмыстарды заман талаптарына сәйкес жүргізуге атсалысқан Қамбар Махамбетұлы –

жалпы саны 200-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. Деректану саласы бойынша 4 ғылым докторын, 8 ғылым кандидатын және ондаған магистрлерді дайындаған. Ол кафедра менгерушісі қызметін атқарған тұста факультетте «Архивтану, құжаттар жүргізу және құжаттамамен қамтамасыз ету» ашылып, бәсекеге қабілетті мамандар даярланған.

Сондай-ақ тарихшы бастамасымен республикалық археография және деректану орталығы құрылып, студенттер мен магистранттар арасындағы «Тарихымызды деректер арқылы танық» атты байқаудың негізі қаланды. Көп жылдық зерттеулерінің нәтижесінде ол Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұвтың Орынборда тұрған үйін тауып, көпшілікке танытты.

Шараға қатысқан ғалымның шәкірттері мен әріптестері оның артына қалдырған өлшеусіз мұрасы, өмірі мен қызметі жайлы айтып, мәнді де мағыналы естеліктерімен бөлісті. Қазақстанның заманауи деректану, архивтану және құжаттану ғылымдарының даму үрдістері жөнінде баяндамалар оқылып, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелер талқыланды.

Р.С. МЫРЗАБЕКОВА,
т.ғ.к., доцент

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚАРЫЗ бен ПАРЫЗ

Қазақ тарихындағы өзіне дейінгі ұлттық интеллигенциядан үлгі алған және солардың ұлттық мұраты жолына бүкіл ғұмырын арнаған Сағат Әшімбаевты өз заманының озық мәдениетті, биік парасатты, терең білімді күрескер тұлғасы ретінде халық ерекше бағалайды және кейінгіге үлгі етеді. Өз кезегінде Ғалым Мұтанов заманынан оза туған, тұғырлы тұлғаның рухына тағзым ету ниетінде жүректен шыққан жыр шумақтарымен ойын қортындылады.

Баяндамасында ҚР Парламент депутаты, ҚазҰУ түлегі, белгілі қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов Сағаттың әдебиетшілік қырын аша түсті. Оның айтуынша, С.Әшімбаев – тек сыншы ғана емес, өз заманында әйелдер тақырыбын шығармаларына өзек қылып, келелі мәселелерді өзінше көтерген публицист. Парламент депутаты ол жайлы «Таланттыларды танып жүріп, талантты болған» деп баға берді.

Түптеп келгенде, өмір мен өнер, қоғам мен заман, адам мен ғалам туралы ойлар мен толғаныстардың, талдаулар мен сараптаулардың өрісі бөлек өзгеше үлгі-өнегесі жатқан «Сын мұраты» (1979 жыл), «Талантқа тағзым» (1982 жыл), «Парасатқа құштарлық» (1985 жыл), «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993 жыл) «Сын сымбаты» (2010 жыл) атты кітаптар, сыншының таңдамалы шығармаларының екі томдығы – ұлт көркем ойы мен ұлт руханиятының тұтас бір дәуірін тануға, талдауға, саралауға жол ашар, өрісті көркем ой мен келісті көркем сөздің өрі мен төрін ұсынар іргелі еңбектер.

«Сағаттың әр мақаласы мен әрбір эссе-толғауларынан бірімен-бірі тамырласа байланысқан, үйлесе қабысқан ойшылдық пен қайраткерліктің, азаматтық пен адалдықтың табиғи жарасымы менмұндалап тұрады. Тұлға табиғатын тануға мүмкіндік берер біз айтқан төрт сипат пен төрт таңба – Сағат әлемінің тұтастық болмысы, Сағат жаратылысының кемел кескіні. Сондықтан анықтауыштық сипаттағы бұл ұғымдардың бірінен бірін бөле-жармай қарастыру сыншы әлемін тану мен бағалаудың басты шарты деп ұққан жөн», – дейді ҚР Жазушылар одағының төрағасы Н.Оразалин.

Саңлақтың әдебиеттегі сара жолын, шығармашылықтағы шыншылдығын,



әріптестер арасындағы адамгершілігін шараға жиналған аға буын жарыса айтты. «Сағат Әшімбаев мақалаларының қай-қайсысы да оқырманын бейтарап қалдырмайтын ойлы, парасатты – жақсының жаршысына, жаманның құтын қашыруға қызмет еткен дүниелер», – деді олар. Алқалы жиынға М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі Уәлихан Қалижанов, Украинаның Халықаралық әдебиет және өнер академиясының президенті, Украина Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, қоғам қайраткері, журналист Сергей Дзюба, Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Смағұл Елубаев, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, профессор Құлбек Ергөбек, Абай институтының директоры, профессор Жанғара Дәдебаев,

профессор Жақан Молдабеков қатысып, «С.Әшімбаев – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, сыншы, публицист», «С.Әшімбаев және әдеби сынның көкейкесті мәселелері», «С.Әшімбаевтың әдеби-публицистикалық мұрасы», «ЖОО әдебиетті оқыту мәселелері» тақырыптарында баяндама жасап, ой өрбітті.

Жазушы С. Елубаев айтпақшы, өмірден Сағаттың өзі өтсе де оның сөзі иесіз қалған жоқ. Сағаттың сөзін оның көзіндей ұлы Мәулен іліп әкетті. «Мәуленнің тілімен Тәуелсіздікке қызмет етіп келеді бүгінде Сағат. Өмірден Сағат өтсе де оның қасиетті қаламы иесіз қалған жоқ. Жазуын тоқтатқан жоқ. Ол қалам бүгінде жары Шәрбананың қолында. Елімізге белгілі жазушы Шәрбану Бейсенова қазақ әдебиетіне қалтқысыз қызмет етіп келе жатқалы қашан», – деді жазушы.

Саналы ғұмырында қара орман қазақтың қамын ойлаған қоғам қайраткерінің рухы

еш өшпес. С.Әшімбаев стипендиясының иегері, журналистика факультетінің студенті Дастан Қастайдың пікірінше, Әшімбаев мәңгілік әлемінің шынайылығы сондай, онық туындыларын көзімен көріп, көңілімен оқығандарға керемет бір сезімнен арылу қиын. Осы игіліктердің нәтижесінде қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде Әшімбаев атындағы арнайы дәрісхана ашылғандығын мақтана айтуға болады. Сондай-ақ, танымал тележурналистің есімі Отанымыздағы мектептер мен көшелерге берілген. Оны тағдырластары, аудиториясы мәңгілік көңіл қыртысында сақтайды. Себебі, біз таныған Сағат Әшімбаевтың сырлы әлемінде ұлтының мүддесі, келешектің алпауыт салауаты жатыр.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

В КазНУ был проведен круглый стол на тему: «Проблемы обеспечения добросовестности судебных исполнителей в условиях их доступа к сведениям, составляющим коммерческую, банковскую и иную охраняемую законом тайну»

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



Қазіргі қарқындап дамыған ғылым мен техника жетістіктерінің қайнар көзі – Батыс, қадап айтқанда, христиан өркениеті екендігі жұрттың көбіне мәшһүр ақиқат. Бір қызығы, кезінде мәдениет пен ғылымның бесігі болған ислам өлкелерінің ылдифа құлдилаған тұсы христиан жұртының тасы өрге домалаған кезеңімен тұспа-тұс келеді екен. Дүние-кезек, қалай болғанда да үш ғасыр бойы ғылым мен техниканы ілгері сүйреп, көрі құрлық – Еуропаны дамудың даңғыл жолына шығарған бұл өркениетке өкпеміз бола қоймас. Дегенмен, әңгіме төл техника мен мәдениетіміздің үлесіне ойысқанда, алып-ұшқан көңілдің жабырқау тартатыны жасырын емес.

Жуырда ғана Астанада бас қосқан Ислам ынтымақтастығы ұйымы серкелерінің мәртебелі жиынында нақ осы түйінді таркату жайы тілге тиек етілді. Ұйымның өткен жылы Ыстамбұлда болған саммитінде Елбасымыз алқалы әлеуметке ұсыныс жасап, алдағы кездесуді ғылым мен технология тақырыбына арнаулы алға тартқан-ды. Сөйтіп, келер күнге бей-жай қарай алмайтын белді мемлекеттердің басшылары мен үкімет мүшелері, ғылым және руханият қайраткерлері Арқа төсінде көкейтесті мәселелерді ой елегінен өткізіп, заманауи ғылым – технологияны, инновацияны

өркендетуі хақында сөз қозғады.

Бүгінгі күннің пісуі жеткен проблемаларын талқылап отыратын Ислам ынтымақтастығы ұйымы әлем елдерінің саяси және экономикалық дамуының бағыт-бағдарын айқындап, қимыл-әрекет әдістемесін қалыптастыруға қал-қалдерінше үлес қосып келеді. Сонау 1969 жылы мемлекет басшыларының Рабаттағы кенесінде тұсауы кесілген осынау халықаралық бірлесімге қазіргі таңда үлкенді-кішілі 57 ел мүше болып отыр. Осы орайда еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күндерден бастап ұйым жұмысына араласып, қарым-қатынас орнатқаны жадымызда.

1993 жылы мемлекет қайраткері, егемен Қазақстан дипломатиясының негізін қалаушылардың бірі Михаил Есенәлиев Елбасының арнайы тапсырмасымен мекеменің штаб-пәтерінде келіссөз жүргізгені, бұдан кейін белгілі дипломат, ғалым Сайлау Батыршаұлы ұйымның Кес қаласында болған жиынына қатысып, болашақ уағдаластықтардың негізін қалағаны есте. Сөйтіп, толық мүшелікке өткен 1995 жылдан бері еліміз Ислам ынтымақтастығы ұйымы қызметінің бағдарын айқындап, қызметін бағыттауға күш жұмсап келеді.

Ұлы ойшылдарымыздың кезінде қазаққа арнаған «Қатарың кетті алысқа-ай, ұмтылыңыз қалыспай» деген ұран сөзі бүгін де маңызын жоймағаны саммиттің күн тәртібінен байқалып тұрды. Заман – ғылым мен технологиянікі. Ақпараттық өркениетке ілеспесек, ілгері озған елдердің шаңының астында қаламыз. Саммитте тоғысқан ойлардың түйіні осы тұжырымдарға сайды. Бүгінгі компьютерлік бағдарламалар

негізделетін алгоритм ұғымы Орталық Азияда өмірге келген. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бұл жөнінде былай деді: «Қазіргі цифрлық экономиканың үш тұғыры бар. Яғни сандар, алгебра, алгоритм. Ол бір ғалымға байланысты екендігін атап өткен жөн. Ол біздің өңірде, Әмударияның бойында туған Мұхаммед ибн Мұса әл Хорезми деген ғалым. Ол XII ғасырда өмір сүрген. Алгоритм термині әл Хорезми есімінің латын тіліндегі транскрипциясы болып табылады. Егер де Батыс әлі күнге дейін Рим сандарын қолданып келген болса, алгоритм түсінігін білмес те еді». Өз ойын сабақтай келе, Елбасымыз «бұл ғалымдарсыз әлемдік ғылым, математика, медицинаның дамуы мүмкін болмас еді. Қазір дамудың жаңа ұйымдастырушылық сатысына өтуге бізде мүмкіншілік бар. Мұны пайдалануымыз керек. Осыған байланысты бізге нақты іс-қимыл жоспары қажет. Оның шеңберінде заманауи даму мәселелері жөнінде Ислам ынтымақтастық ұйымының арнайы кенесін құруға болар еді. Ортақ ғылыми-инновациялық қор құрған дұрыс», – деп тұжырым жасады.

Қазақстан Президенті ислам елдері ғылым мен білімге жете көңіл бөлмей отырғандығына, аса маңызды осынау шаруаға ішкі жалпы өнімнің орташа алғанда жарты пайыздайын ғана жұмсайтындығына тоқталды. Әлемде ІЖӨ-нің екі-үш пайызы ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновацияға арналады. «Қауымдастық мемлекеттерінде бір миллион тұрғынға шаққандағы зерттеушілер саны 615 адам болады. Ол әлемдік орташа көрсеткіштен 2,5 есе төмен. Ислам әлемінде ғылым бойынша Нобель

сыйлығының тек қана 2 иегері бар. Пәкістан физигі Мұхаммед Әбдус Сәлам сыйлықты 1979 жылы, Мысыр химигі Ахмед Хасан Зәуайл 1999 жылы иеленді. Осы жағдайды күрт өзгертуіміз керек», – деп атап өткен Елбасымыз, – «биыл Қазақстанда халықты өзінің тарихи бастауларына жетелейтін рухани жаңғыру бағдарламасы іске асырылады. Оның аясында ұлттық сананы жаңғырту, рухани игерілетін өзекті мәселелер қолға алынбақ. Осы орайда ислам әлеміне де рухани сілкініс, жаңғыру қажеттілігі туындап отыр деген ойдамыз», – деді. Қияға қанат сермеген ғалымдарға нақты көмек көрсету қажет. Осы мақсатқа орай ұйым аясында ғылым мен технологияны дамытуға қосқан үлес үшін сыйлық тағайындау туралы шешім қабылданды.

Ислам ынтымақтастық ұйымы саммитінің «Ғылым мен технологиялар саласындағы ынтымақтастықты дамыту» сессиясы барысында ISESCO бас директоры Абдулазиз Осман әл Тувейжри әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалым Мұтановқа ISESCO сыйлығын табыс етті. Абдулазиз Осман әл Тувейжри қазақстандық ғалым аталған мәртебелі марапатқа ғылым жолындағы еңбегінің халықаралық деңгейде жоғары бағаланып, мойындалғаны және математикалық модельдеу, техникалық әрі әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару саласына қосқан зор үлесі үшін марапатталғанын атап өтті.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
кафедра меңгерушісі

Адамзат ақыл-ойының алтын қазынасы

Философия бүгінгі қоғамда техникалық, жаратылыстану, заң, психология сияқты ғылымдардың көлеңкесінде қалып қойғандай көрінеді. Бұл жайт, бір қарағанда, негізсіз де емес. Философия коммерциялық табыс түсіретін, олимпиадалық сайыстарда елдің атын шығаратын, тым болмағанда, эстрадалық жанрда өнер көрсетіп, «елдің рухын көтеретін» салалардың санатына жатпайды.



Алайда бұл ғылымның пайдалы тұстары аз емес. Философия – кез келген ұлттың өзегін құрайтын зиялы қауымның әрекеті. Антика заманында-ақ ұлт аристократиясының дәстүрі ретінде қалыптасқан «даналық өнерінің» біздің заманымызға жетуі – оның уақыт пен кеңістіктің заңдарына бас имейтін ерекше, биік сала екенін дәлелдейді. Кез келген ұлттың өрлеуі мен шарықтауы, құлдырауы мен күйреуі, ең алдымен, сол халықтың өміріндегі философиялық пайымдаулардың, олардан туатын ұстаным-қағидалардың ахуалына тікелей тәуелді. Демек, философиясы терең халықтың рухы асқақ, еңсесі биік.

Қоғам өмірінде келенсіздіктер көбейіп, қатыгездік пен жауыздықтың молайып бара жатқанынан тіршіліктің мәні – сауда ісі немесе қызмет көрсету емес екенін аңғарамыз. Отбасындағы келіспеушілік, қоғам өміріндегі немқұрайдылық, жемқорлық, т.б. зиянды құбылыстар да экономика, математика ғылымдарының емес, философия қозғайтын мәселелердің шеңбері.

Екіншіден, адамзат өмірінің бүгінгі деңгейге қол жеткізуі өздігінен және бір

сәтте бола қойған жоқ. Ол – ұзын-сонар уақыт ағымынан орын алған күрделі де қиын эволюциялық, ара-тұра революциялық процестердің нәтижесі. Адамның ой әлеуетінің қуатымен жүзеге асатын әрекет – философияның басты тақырыбы.

Әрине, бизнестің, экономика мен психологияның және басқа да ғылымдардың адам өмірін жақсартуға, жетілдіруге бағытталатыны рас. Бірақ, философияның ауқымы кең және уақыт аралығы – ұзақ мерзімді. Тарих беттерін парактасак, дүние жүзі дамыған елдерінің әуірімдеп басқан ең алғашқы қадамдарының, қимыл-әрекеттерінің дені мазмұнды ой еңбегінің манаына шоғырланғанын көреміз. Қара күштің, мәні саяз өнердің, таяз ойдың деңгейін қанағат тұтқандардың танымы терең ұлттардан артта қалады. Демек, ақыл-ой еңбегінің күшіне

сүйенгендердің озу мүмкіндігі көбірек.

Өркениет сатысының жүзеге асқан қазіргі деңгейі, ғылыми-техникалық және технологиялық прогрестің биік те, таңғажайып тұстары шынайы мақтанышқа лайық. Мұндайды көрген де, көрмеген де, жеткен де, жетпеген де бар. Әрине, кемшіліксіз емес. Салмақты философиялық ізденістер орын алған кемшілікті табады, түзейді, сапа көрсеткішін жақсартады.

Адам еркіндігі мен бостандығы да философия ұғымдары. Бұл ретте, еркіндік, бостандық ұғымдары «мен нені қаласам, соны жасаймын» деген нәлсіқұмарлық әрекеттердің шексіздігін емес, керісінше, оларды шығармашылық еркіндікпен және рухани биіктікпен алмастыруды алға тартады. Биік рухани ортада кез келген адам баласының ғұмыры баянды да бақытты болады.

Тәуелсіз Қазақстанның алдында бүгінгі күні егемендікті нығайту, дамыту және оны мәңгілік мемлекетке айналдыру мақсаты тұрғаны белгілі. Бұл мақсат философиялық ізденістердің күшімен жүзеге асатыны шүбәсіз. Яғни, «Мәңгілік ел» идеясы және оның жүзеге асырылуы елімізге терең ойлы философтардың, тіпті, философтар армиясының қажеттігінен хабар береді. Өйткені, жетілген, биік ойлар өзіндік гравитациялық тартылыс күшіне ие: жоғары идеялар жетілген процестерді, әрекеттерді тарта түседі. Бір ғажабы, жоғары сатыдағы процестер, құбылыстар еш уақытта бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі.

Бір қарағанда аса қажет емес, екінші кезектегі маңызға ие ілім ретінде қабылданатын философия, шын мәнінде, өмірге аса қажет. Ол жеке индивидті де, бүкіл қоғамды да дамытады. Сол себептен дамыған, дамудың жолына түскен елдерде философияға деген көзқарас ерекше.

Мұндай терең іліммен қазақ жерінде ұлттық ғылым мен білімнің қарашаңырағы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті айналысады. Факультет өзіне жүктелген міндетті абыроймен, бірқалыпты әрі жүйелі түрде атқаруда. Ұлтын кіршіксіз сүйетін, оның дамуына үлес қосуға ұмтылғандар осы жерге келеді. Өйткені, дүниені идея билейді.

Г.З. АБДРАСИЛОВА,
философия және саясаттану
факультетінің доценті м.а.;
Ш. ӘШПРБАЕВ,
магистрант

ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінде Қазақстанның халық жазушысы

Ә. Нұршайықовтың 95 жылдық мерейтойына орай әдеби шығармашылық байқау жарияланды

ЖОЛЖАЗБА

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ШАРА

Қоңыр күздің жаймашуақ күнінде ару Алматыдан сырлы Ыстамбұлға жол тарттық. Мұндағы ең үлкен «Ататүрк» әуежайындағы қарсы алулардан соң, біздің делегацияны классикалық стильде көркемделген «Palazzo Donizetti» қонақ үйіне орналастырды. Қонақ үйдің терезесінен Босфор бұғазының әсем жағалауын тамашалауға болады. Босфор бұғазы Ыстамбұлды еуропалық (Румелия немесе Тракия) және азиялық (Анатолия) бөліктеріне бөледі. Ыстамбұл екі материктің шекарасында орналасқан, сондықтан Босфорды қаланың жүрегі деп айтады екен. Осы жерден Бейоғлы ауданының маңында орналасқан тарихи Галата мұнарасына да жаяу барып қайттық.



шыққан фильмдер ішінде Түркияның кинорежиссеры Гульшан Сарудың «Sığ» фильмі салт-дәстүрге байланысты болса, Қасиет Кубанычбекованың «Оуток» (Қырғызстан) деректі фильмі бүркітші мен бүркіттің арасындағы сүйіспеншілік, достықты суреттеді. Адами фактор, адам тағдыры туралы тақырып төңірегінде ой қозғаған Айзада Алиеваның «Дервиш» (Қырғызстан) фильмі көпшілікті толқытты.

Кездесу барысында Түрікменстанның әйгілі кинорежиссері, сценарисі және операторы, Кеңес Одағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, атакты «Жамал ағашы», «Келін» көркем фильмдердің авторы Ходжакули Нарлиевпен танысудың сәті түсті. Сондай-ақ, Әзірбайжанның танымал әртісі, кинорежиссері, профессор марқұм Тофик Исмаиловтың жұбайы Сеиде Исмаилова ханыммен кездесіп, сұхбаттастық. Марқұм Тофик Исмаиловтың «Түркі халықтары киносының тарихы» атты энциклопедиясында Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан және Түркияның

киносы туралы кеңінен ақпарат жазылған екен. Жұлделі орындарды Қырғызстан, Башқұртстан және Түркияның деректі фильмдері иеленді.

Сапар аясында әсем қаланың көрнекті жері Топкапыда болып қайттық. Топкапы тарихи панорама-мұражайы 1453 жылы Осман империясының сұлтаны Мехмед II сарбаздарымен Константинопольді басып алған кездегі табанды шайқасқа арналған. 1453 жылдың 29 мамыр күні 54 күндік шабуылдан кейін Мехмед II сарбаздарымен Константинопольді басып алып, Византия империясын түбегейлі қиратып, Осман империясын орнатады. Осман империясының жас сұлтаны Мехмед II өзінің атына мәңгілік Фатих (Fatih—жаулап алушы) деген атакты қосып алады. Сол кезенді бейнелеген тарихи панорама-мұражайынан тарихи шабуылды көз алдымызға елестеттік. Сондай-ақ Топкапыда түркі халықтарының мәдени орталықтары бар, мұндағы Қазақстан үйінде болып, тамаша концерт көріп, естелік суретке түстік. Ыстамбұлға барған сапарымыз сәтті әрі жемісті өтті. Көп дүниеге қанығып, мол тәжірибе жинадық. Фестиваль ұйымдастырушыларына алғыс айта отырып, шығармашылық табыс тілегіміз келеді.

Айта кетерлігі, Түркі дүниесі Журналистер федерациясы ағымдағы жылдың 26-27 қазан күндері Түркі дүниесінің деректі фильмдері II Халықаралық кинофестивалінің Алматы көрсетілімдерін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізбек. Алматыға арнайы фестиваль басшылары, журналистер мен режиссерлер, ORT, TRT (Анкара), MER-CAM TV (Aduaman), Genç (Жастар) TV (Кипр) телеарналарының өкілдері келмек. Аталмыш ұйымның іс-шаралары жас ұрпақтың түбі бір түркі елдеріне ортақ рухани құндылықтарды тануына үлес қосады деп сенеміз.

Сафура БӨРІБАЕВА,
ф.ғ.к., дипломатиялық аударма
кафедрасының доценті
Алматы – Ыстамбұл – Алматы

ПИСЬМО ИЗ АФГАНИСТАНА

КАЗНУ – НОВЫЙ НАУЧНЫЙ ПОДХОД



Казахстан – страна, в которой желают жить многие граждане из Центральной Азии. Здесь нет войны и насилия. Здесь делают все для процветания и развития. Поэтому я приехал в Казахстан в 2013 году и поступил на факультет довузовского образования, а через год стал студентом факультета истории, археологии и этнологии.

Обучаясь на специальности «Археология и этнология» я получал хорошие знания у известных казахстанских профессоров и ученых, которые работали в КазНУ на кафедре археологии, этнологии и музееведения. В течение одного года обучения русскому языку и двух лет в магистратуре я был погружен в научную среду и интересную студенческую жизнь, у меня были все условия для успешного обучения. В КазНУ я участвовал во многих мероприятиях и разных конкурсах, на одном из них занял первое место и был удостоен награды.

В Казахстане очень много красивых туристических и культурных мест, невероятная природа, замечательные люди и большой потенциал развития. Мне было интересно изучать культурные символы, особенности социализации казахского народа. Я познакомился с традициями и образом жизни казахов, бывал в аулах и городах. Хазарский народ, проживающий в центральных районах Афганистана, имеет очень много общего. В процессе обучения я узнал много интересного и нашел сходство в некоторых словах, которые используют хазары и казахи: «кол, алакан, кірпік, кабак, қас, мазар, бақа, бодене, бүркіт, кептер, қаз, кісі, ата, әже, әке, женте, құда, нағашы» и другие. Обучаясь в магистратуре КазНУ я участвовал в двух археологических экспедициях (Алакөл и Шілікті), которые были для меня очень полезными.

Возможно, я был одним из самых удачливых афганских студентов в Казахстане, потому что мои преподаватели с большим удовольствием помогали мне. И я очень благодарен им. Опыт, знания и советы моих преподавателей кафедры археологии, этнологии и музееведения сегодня помогают мне.

Сегодня я работаю заведующим кафедрой археологии в университете Бамиана. Значительная часть моего успеха в административных и научных делах – это знания, которые я приобрел в Казахстане. Мне еще многое предстоит сделать, в том числе и в науке. Хазары мигрировали из Центральной Азии в II-VII вв. в центральные районы Афганистана, на севере страны проживает немалое количество казахов. Я являюсь этническим хазаром, у нас много общего с казахами, поэтому хочу провести сравнительное исследование об их традициях, верованиях и культуре в Афганистане.

Я всегда с теплотой вспоминаю Казахстан, город яблок Алматы и родной университет – КазНУ им. аль-Фараби. Надеюсь, что когда-нибудь я смогу приехать в свой Альмаматер, встретиться с однокурсниками и преподавателями, а также установить сотрудничество с университетом, в котором работаю для еще большего сближения наших стран.

Лаек АХМАДИ,
выпускник КазНУ им. аль-Фараби
г.Бамиан, Афганистан



АЛМАТ ОРЫНГҮЛ СҮЙІНДІКҚЫЗЫ

1999 жылы шілде айында ОҚО Сарыағаш ауданында дүниеге келген. №18 Абай атындағы орта мектепті үздік бітірген. «Алтын белгі» иегері. Түрлі аудандық, облыстық, республикалық сайыстардың жүлдегері. Петропавлда өткен республикалық «Мағжан оқуларында» ғылыми жоба жеңімпазы болса, Көкшетауда өткен республикалық ақындар мүшәйрасында Бас жүлдені жеңіп алған. Сондай-ақ облыстық Абай, Мағжан оқуларының жеңімпазы. Сарыағаш аруы-2017, Оңтүстік аруы-2017 атанған. Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті. «Менің бұл дәрежеге жетуім – ата-анамның қолдауы мен ұстаздарымның елеулі еңбегінің арқасы», – дейді Орынгүл.



ТЫМ АУЫР КҮРСІНУІ БҰЛ ДАЛАНЫҢ...

Шіркін, уақыт өтеді екен кідірмей,
Өмір деген кетеді екен білдірмей.
Арманың да қалады екен, жалғаның да,
Салқын түсіп, күз де келер іркілмей.

Әрі кетіп, бәрі де қу ағаш боп,
Мауырап бір жыламысырар сұп-сұр бұлт.
«Кәне, қайда жастығым да елесім?» –
дейді жүрек айықпайтын дертті боп.
Аспан-сұр, дала да боп сап-сары,
Мезгіл табы-анау гүл қауашағы.

Аласұрып жанымда желіккен жел,
Қарасұры көшемен аласады.
Тырналардың үнімен тыраулаған,
Аспан дертті, түн жамылып тұмаулаған.

Сағыныштың сазы болған бұл кара күз,
Жүрекерге мұз боп кіріп, қыраулаған.
Сыңғыр-сыңғыр нәзік үні түр естіліп,
Жапырақтар көңілінің сырын шертіп.

Ал, бұлттар да болып жатыр жиындау,
Бар өкпесін төтетіндей кеш кіріп.
Адамдардың көрінбейді кара басы,
Таулардың да түйілгендей қабақ-қасы.

Бәрі үңсіз, бір кайғысы бар-ау бірақ,
Тек желдің-ақ жайылыпты қолан шашы.
Тым ауыр күрсінуді бұл даланың,
Неге мұңды? Не қинайды жан азабын?
Неліктен күз, бәлкім, неге? Не үшін?
Осы сұрақ таптырмайды өз жауабын.

ТАРИХЫМНЫҢ ТАҢБАСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК!

Жүректегі жанартауым жалын атып,
Кеудемдегі қызыл алау дамылдаттып.
Шартарапқа шашылғысы келіп бүгін,
Жырлар төгер шабытты алаулатып.
Ой жүгіртсем елдігімнің елесіне,
Халқымның биік болған енесіне.
Өткен екен талай тар, тайғақ кешу,
Талай жеңіс тұрды оның жебесінде.
«Қазақ» атты халық еді құламады,
Ая деп ажалға да бас ұрмады.
Өше де өкінбеді, жыламады,
Жыласа да жұбат деп сұрамады.
Қалтарыс-бұлттарысы сан мың қабат,
Өтті бәрі ақырын тұрсаң қарап.
Сол күнін өткізсе де қиындықпен,
Жетгі ансаған осы күнге жүк аркалап.



СЕН ҒАНА...

Өмірдегі ең асқақ ән ол – Ана,
Сен биіксің, жанашырым сен ғана!
Жылағанда жұбататын «құлыным» деп,
Ең асыл жан тек сен ғана, сен ғана...
Сен ғанасың көзінен жауһар нұр төгілген,
Мен мұнайсам мұнайып, бірге күлген.
Аялы алақанмен шашым сипап,
Кеудеме ыстық сезім құя білген.
Өзіңнің берген тәліміңмен жол нұсқадың,
Көзімнен тамшы жас ақса, сен тұрмадың.
Тек мен үшін шымшық жаның шырырап,
Тек мен үшін алаңдап шырылдадың.
Түпсіз терен, тұнық сенің көзінде,
Шапағат пен нұрға толған жүзінде.
Бауырына алып мені қысқанда,
Жан бар ма екен бұл ғаламда дәл өзіндей?!

ӨЛЕҢ – МЕНІҢ ШОЛПАНЫМ, АЙЫМ, КҮНІМ!

Жас жүрегім алақанын жаяды кең,
Қара қалам, ақ қағазға қойып ден.

«ӨМІР» АТТЫ ШЫҒЫРМАН

Өмір деген бөгет толы, шығырман жол,
Айласы көп айналдырар сұрары мол.
Бір жылатар, бір күлдірер дел-сал қылып,
Аластырып алға тұрар қармақты қол.
Кейде өмірді кіршіксіз гүлге тене,
Сарп қылмасан, барыңды солғаны ол.
Өзіне берілген сол аз уақытты
Тийімді пайдалансаң, болғаны сол.
Бірақ та бақытқа жету оңай ма?
Өмір деген киелі ол бір қойма.
Күресесің жету үшін жасқалыққа,
Өзіңе байланысты соны ойла.

ОТАН – ОТПАН ЫСТЫҚ

Өлеңменен өрілген бар ғұмырым,
Поэзия, сенде менің сырым, шыным...
Алыптар жүзген жырдың теңізінде,
Отан жайлы жыр жазуға бағыт бұрдым.
«Отан» десе шабыттанып, нәр аламын,
Алтынменен өрнектелер қаламым.
Мейлі мәңгі мұз басып жатса да жер,
Сен ыстықсың, сенен ғана жылынамын!
Отанда менің бар сезімім алып ұшқан,
Отан ыстық от пенен жалын құшқан.

Жырлай берем, жырлай берем қашанда мен,
Жас канатым кем емес, қыран құстан.

СЕН – ЖАЛЫНСЫҢ, МЕН – ЖОЛЫҢ

Терең ойдың теңізіне шомып бүгін,
Поэзия патшалығын толқыттым шын.
Рухы бар отты желдей, аспанға асқан,
Мұқағали ғұмырына бағыт бұрдым.
Қазақтағы нағыз ақын сен едің,
Мәңгілікке үлгі болар кемелің.
Сен – жалынсың, жалынсың жанған ұдай,
Сол жалынның жылуына мен кенелдім.
Жаралған жаның жарық шұғыладан,
Туып па едің елден де ерек бір нұрдан?
Ақиық ақын жоқ, сірә, дәл өзіндей,
Жаңбырдың тамшысындай таста тұнған.

Бірақ та бір ақын бар ел көрмеген.
Жолыңды қуып, енді қалам тербеген.
Сол қыраның көктегі мен боламын,
Жолың берсен, қиялыма еңсен деп ем.
Сенің жүйрік шабытыңа жанасамын,
Алып ұшқан арманыммен таласамын.
Осы арманым жаңылмаса бағытынан,
Сен асқан алып шыңнан мен де асамын.
Ал, «Жалын» рух бер маған, демеп жібер,
Аманат ет ізінді, беріп жігер.
Сикыр бітсін қаламыма мың тербеген,
Мен болам, сенің ізін үміт күтер!

КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ

Өкініш пен мұң-қайғы
Санамды жаулап алған ба?
Зарымды кім тыңдайды,
Алдамшы мына жалғанда.
Жо-жоқ,
Бәлкім бұл да елес,
Зымырап мәңгі, тұрмайтын.
Жанымды ешкім демемес,
Жүдеген жүрек жылайтын...
Санамда сан мың сұрақтар,
Білмедім бар ма жауабы.
Қас қағым сәтте ойды орап,
Ұйқымды менің ұрлады.
Бақытым қайда іздеген,
Қымбат па, әлде жұмбақ па?
Сонда да үміт үзбегем,
Арманым қалып жырақта.
Отырам жасқа малынып,
Сыртыңа көктем, менде күз,
Қаңырап кеудем қамығып,
Тұманда қалған жалғыз із.
Шаттық пен кайғы арпалыс.
Жеңіс кімде сол билік.
Махаббат, қастық тағы ұрыс,
Бәрінен қайсы ең биік.
Мүлгімейтін тек арман,
Тұсауда да бас имес.
Көңілім күздей қуарған,
Жапырағын жиып тез.
Тым құрғанда ұйқы жоқ,
Түс көріп мәңгі, тұрмасам.
Кете қалсам көңіл тоқ,
Алыстан қол бұлғасам...
Жалтақтап жасқы, жаманға,
Бөгет көп өте алмайтын.
Бірақ та өмір адамға
Жүк бермес көтере алмайтын!

«EXPO» – является международной выставкой, где страны участники демонстрируют свои достижения в науке, технике, культуре и искусстве. В современных условиях Международное Бюро Выставок (МБВ) насчитывает 166 государств-участников, желающие принять ЭКСПО в своей стране. 22 ноября 2012 года в результате тайного голосования на 152-й Генеральной Ассамблее ЭКСПО местом проведения выставки выбрана столица Республики Казахстан – Астана. Выставку, которую посетили более 3 900 000 человек длилась с 10 июня по 10 сентября 2017 года. Выставку ЭКСПО посетили также представители 55 университетов со всего мира.

ЭКСПО 2017: студенческие идеи и проекты



проекты, но и ведется подготовка специалистов новой формации. Ученые КазНУ представили в национальном павильоне «Казахстан» ряд инновационных разработок как «плазменно-топлевная система повышения эффективности ТЭЦ», «кремниевая солнечная батарея с пленарным концентратом», «массовое культивирование и мониторинг

микроводорослей в фотобиореакторах». Во время выставки проводя свои мероприятия ученые и эксперты продемонстрировали не только свои новые разработки, но и узнали о главных приоритетах мирового развития в сфере «зеленой энергетики». Мероприятие подобного уровня оказывает огромное влияние на развитие малого и среднего бизнеса, как рост внешнего и внутреннего туризма

и увеличение иностранных инвестиций в экономику Казахстана. Нельзя не отметить, что экономический эффект от объектов, возводимых в рамках ЭКСПО, позволят в будущем рассматривать Казахстан как международную научно-техническую платформу проведение мероприятия. Появление новых технологий в каждой отрасли экономики страны должны способствовать активной работе как известных ученых, так и молодых исследователей. Стоит отметить, разработанные актуальные проекты студентов были направлены на решение многих проблем города и села. Например, тема утилизации мусора у студентов вызвала бурный интерес. Предлагая свои варианты решения такой проблемы, многие студенты опирались на опыт развитых стран мира, но при этом пытались и искать варианты получения альтернативных видов энергии. Например, проект по утилизации автопокрышек позволил бы не только получить новый вид стройматериалов, но и изменить в корне покрытие автодорог на любом уровне. Большой интерес студенты проявили к современному подходу сортировки мусора. По мнению студентов вторичное использование отходов станет выигрышным для всех участников бизнеса и поможет обществу решить такие важные вопросы как, экономия природных ресурсов, бережное отношение к природе, создание в результате переработки новых товаров, работ и услуг. В связи с этим напрашивается идея создания студенческого портала или интернет магазина студенческих идеи и проектов, для которых ведущие коммерческие и производственные компании предлагали бы гранты. С помощью интеллектуальных способностей студенты получили бы возможность зарабатывать не только для своих повседневных нужд, но и в научных стажировках других вузах.

И.Ш. ТОКМАМБЕТОВА,
юридический факультет

«Әл-Фараби университеті – NIKON объективінде» атты фотосайыста өз факультетіңіздің бір күндік фотошежіресін жасап, жүлдегер атануға асығыңыз!

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ

Қазіргі таңда діннің атын жамылған жат ағымдардың қоғамға, әсіресе жастарға тигізер зардабы сейіле қойған жоқ. Оның бірнеше себептерін көрсетуге болады. Діни сауаттылықтың төмендігі немесе мүлдем болмауы, сауаты жоғары мамандардың тапшылығы, діни мәселелер бойынша ақпараттың дұрыс насихатталмауы, радикалды ағым өкілдерінің әлеуметтік желілерді ұтымды пайдалана отырып қоғамның, соның ішінде жастардың санасын улауы белең алып отыр. Сондықтан да жоғары оқу орындары бүгінде жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру мақсатында діни сауаттылықты арттыруға бағытталған тәрбиелік шараларды қолға алуда. Осы орайда жуырда ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде т.ғ.к., профессор Ерке Тамабекқызы Қартабаеваның ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру және ислам» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға «Шаңырақ» діни кеңес беру, алдын алу және оңалту орталығының директоры Мирхат Мадияров және факультет оқытушылары, магистранттары мен 1-2-курс студенттері қатысты.



«Ислам және заманауи қоғам», «Ислам және ақпараттық қоғам» сынды қазіргі заманның өзекті тақырыптары қарастырылған жиында алғашқы болып сөз кезегін тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты Ш. Түгел алды. Ол ислам дінінің қазақ жерінде таралу тарихынан бастап, қазіргі кездегі ақпараттық технологиялардың исламдағы оң және теріс әсерлеріне шолу жасады. 2-курс магистранттары ақпараттық технологиялардың, атап айтар болсақ, қазіргі

кездегі ҚМДБ мамандарының бақылауындағы интернет парақшаларының, сайттардың және мобильді қосымшалардың ислам діні туралы тексерілген ақпараттарды қазақ және орыс тілдерінде кеңінен тарата отырып, оның қоғамға алып келер пайдалары туралы баяндады. Әсіресе, заманауи қоғамдағы интернет арқылы уағыз жүргізушілердің және қазіргі жастардың уақытының көп бөлігін алатын түрлі Whats App, Instagram, Facebook, Viber сияқты әлеуметтік желілердің теріс әсерін және одан сақтанудың

жолдарын қарастырды. Өз кезегінде «Шаңырақ» діни кеңес беру, алдын алу және оңалту орталығының директоры М.Мадияров елдік мүддені, халқымыздың тәлім-тәрбиесін, ұлтқа ұстын болған тұлғалардың ұлықты істерін өз сөзіне арқау етті. Мирхат мырза жастардың көкейінде жүрген қазіргі қоғамдағы өзекті діни мәселелер бойынша қойылған сауалдарға жауап берді. Сондай-ақ ол қазіргі кездегі жастардың жолынан адасып, түрлі радикалды ағымдарға

бет бұруы, әлемде болып жатқан терактілер, сәләфилік, уахабилік ағымдар жайлы, олардың алдын-алу және күресу шаралары туралы, рухани құндылықтар және рухани дағдарыстан шығу жолдары жайында тағылымды кеңестерімен бөлісті.

Шара ұйымдастырушысы Ерке Тамабекқызы діни сана туралы кеңінен сөз қозғады. Қазақ халқының тарихында дін мен күнделікті тіршіліктің өзара үйлесім тауып, ұрпақтан-ұрпаққа аманатталғанын айта отырып, халқымыздың ұлттық құндылықтарының барлығы ислам дінімен үндес екенін жеткізді.

Дөңгелек үстел барысында елдің бірлігі, діни тұтастық, қоғамды, әсіресе жастарды жат ағымдардан сақтау жолдары жөнінде пайымды пікірлер ортаға салынып, пайдалы кеңестер берілді. Дәстүрдің негізі дінде жатқанын айтқан ұстаздар қазіргі жаһандану заманында қазақ халқының берік ұстанымдарынан ажырап қалмау керектігіне баса назар аударды. Осылайша, дәстүр мен дін, рухани жаңғыру мен ұлттық әдет-ғұрыптар үйлесім тапқан дін мамандарымен кездесу жастар үшін аса пайдалы болды.

Р.С. ЖАРҚЫНБАЕВА,

т.ғ.д., дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры;

Ж.Д. БАЙДӘУЛЕТОВ,

2-курс магистранты

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, ұлттық болмысы. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, мемлекеттік ана тіліміз – қазақ тілі.

МЕНИҢ ТІЛІМ ӨЛМЕЙДІ



отты жырлары оқылып, тіл тағдыры жайлы қоғамдағы мәселелер талқыға түсті. Сондай-ақ жастардың білімін шыңдау мақсатында «Мақал – сөздің мәйегі» атты сайыс өткізілді.

Студенттер тіл мәселесіне келгенде тілегі бір екендігін байқатты. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру үшін университетімізде

көптеген істер атқарылуда. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды, дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейміз.

А.Н. МҰҢАЙТПАСОВА,

метеорология және гидрология кафедрасының оқытушысы

■ КЕРЕК КЕҢЕС

ЖҮЗУДІҢ ПАЙДАСЫ

Су - өмірдің нәрі. Бұл шындық, оны ешқашан ұмытпай, аптасына бір рет болса да уақытыңызды жүзуге арнаңыз. Өйткені, жүзу - шынығудың ең тиімді тәсілі саналса, жүзудің денсаулыққа пайдасы зор екені ертеден дәлелденген.

Ағза жүйесімен қатар дене мүшесі шынықтырады.

Дене сымбатының сұлу болуында әсері мол. Жүзу барысында бел омыртқаның қасындағы бұлшық еттер босансиды.

Теріні жұмсақ әрі нәзік қылады. Салмақты қалыпты ұстап тұруға көмектеседі.

Табиғатпен байланыс орнатуға мүмкіндік беріп, онымен жақындастырады.

Адам бойында алға ұмтылу, төзімділік, мақсатқа жету сынды қасиеттер қалыптастырады.

Тыныс алу жолдарын жақсартады. Ағзаның шынықтырып, иммунитетіңізді көтереді.

Көптеген ауруларға ем, сонымен қатар, профилактика үшін ең тиімді құрал.

Жұмысқа деген ынтаны арттырып, шаршағанды басып, күйзелісті ұмыттырады.

Ағза жүк түсірмейді.

Жүзумен бір айлығыңыздан қартайған шағыңызға дейін айналыссаңыз болады. Өйткені, керемет хобби. Мұндай спорт түрінен ешқашан жалықпайсыз, тек қана ләззат аласыз.

anabol.kz

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №3026

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.